

Тәуелсіздік –тірегім, елім деп соққан жүрегім!

2014 жылдың 4 желтоқсан күні “Ақпараттық жүйелер” мамандығы бойынша топ жетекшісі А.Ж.Нургазинова студенттерімен, факультетте жоғарыда айтып өткендей «Тәуелсіздік – тірегім, елім деп соққан жүрегім!» атты әдеби-музыкалық іс-шара өткізді.

Қазақ халқының наразылығын туғызып, әйгілі Желтоқсан оқиғасына орай деректі фильм көрсетіліп, еске алу рәсімінде 1-минут үнсіздікте тұрып еске алды.

Әр халықтың тарихында өзінің ұлттық ар-намысын, құқықтары мен мүддесін қорғап қалуға, өзіндік бет-бейнесін, егемен ел болуға лайық екендігін көрсетуге ұмтылатын сын сағаттар болады. Егер ұлт уақыт талабына үн қата алмаса, онда оның болашағы бұлыңғыр болмақ. Ал егер, халық басына түскен мұндай сынақтан сүрінбей өтсе, басқа халықтардың тарихы көрсеткендей, бұл сәт, бұл оқиға осы халықтың тағдырында тарихи оқиға болып қалады. Ерлеріміздің ерен ісімен, кешегі дүниені дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасымен келген, тарихымызда алтын әріптермен жазылып қалатын Тәуелсіздік, Егемендік күні мерекесі құтты болсын деп құттықтау сөздер айтылды.

Кездесу соңында информатика кафедрасының аға оқытушысы 202 топ жетекшісі С.Д.Жұмасейтова меймандарға алғысын білдірді.

